**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың:

129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына 129-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1257807 мың теңге (бір миллиард екі жүз елу жеті миллион сегіз жүз жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы ; " Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының

1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңы ; "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы ; " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы ; "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы ; "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңы ; "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы " Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы ; "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдер туралы" 1999 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығы ; " Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы N 288 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының

Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1132 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : әлеуметтік қамсыздандыру саласында азаматтардың конституциялық кепілдерін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және іске асыру;
- еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны саласындағы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылау;
- еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және көші-қон процестерін реттеу саласындағы салааралық үйлестіру;
- кәсіпқой шеберлігін жетілдіру және қызметтік міндеттемелерін тиімді орындау мақсатында біліктілік талаптарға сәйкес кәсіпқой қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша дағдылар мен шеберлікті, теориялық және практикалық білімдерді жаңарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеумет-тік қор-ғау және көші-кон саласын-дағы уә-кілетті органның | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызметін қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау ми-нистрлігінің орталық аппаратын және Қазақ-стан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон жөніндегі комите-тің 173 бірлік көле-мінде бекітілген штат санының лимиті шегінде ұстау:<br>- әлеуметтік қызмет түрлері жүйесін, стан-дарттарды, МӘС және мүгедектерді оңалтуды, еңбек заңдарын одан әрі жетілдіру;<br>- нормативті-құқықтық актілерді жасап шығару және іске асыру;<br>- әлеуметтік және ең-бек қатынастары сала-сындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін реттеу жөніндегі ұсы-ныстарды іске асыру, сондай-ақ өз құзыры шеңберінде әлеуметтік әріптестік жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның жұмысын қамтамасыз ету;<br>- ақпараттық қамсыз-дандыру және әлеумет-тік статистиканы дамыту;<br>- республикалық бюд-жеттен төленетін зей-нетақылар, жәрдемақы-лар, өтемақылық және біржолғы төлемдердің төленуін қамтамасыз ету;<br>- шетелдік жұмыс күшін | қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан<br>қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеу-меттік қорғау |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тартуға көші-қон квоталарын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;<br>- жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысқа мониторинг жасау, халықты еңбек рыногының жайы туралы ақпараттандыру;<br>- ішкі рынокты қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттардың жобаларын қарау;<br>- Министрліктің Көші-қон жөніндегі комитетінің және аумақтық органдарының қызметін басқару және үйлестіру;<br>- жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдарды еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-кон мәселелері бойынша әдістемелік басқару;<br>- ұйымдармен төмендегідей мәселелерді жетілдіру бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі келісім-шарттар жасау:<br>1) Қазақстандағы кедейлік деңгейін тиімді төмендету мақсатында халықты әлеуметтік қорғау жүйесін;<br>2) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу және аурулардың түрлі нысандары кезінде мүгедектерді оңалту.<br>- еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон мәселелері бойынша видеофильмдер және жарнама роликтер, әдебиеттер, тұсқағаздар, кітапшалар шығару қызметтерін сатып алу. | маусым-желтоқсан<br><br>маусым-желтоқсан<br><br>қаңтар-желтоқсан | министрлігі. | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 002 | Аумақтық орган-дардың аппа-раттары | Негізгі міндеттерін іске асыру және оған жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін Министрліктің аумақтық органдарын 1398 бірлік көлемінде бекітілген штат саны шегінде ұстау:<br>- мүгедектік тобын, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін анықтау;<br>- республикалық бюд-жеттен қаржыландырыла-тын зейнетақыларды, жәрдемақыларды, өте-мақылық және біржолғы төлемдерді, әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерді тағайындау;<br>- еңбек, еңбекті қор-ғау, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы заңдардың орындалуын бақылау, тексерулер жүргізу;<br>- мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының орындалуына бақылау жасау;<br>- өндірістегі жазата-йым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тексеруге қатысу және олардың есебін жүргізу;<br>- құрылысы немесе қайта құруы аяқталған өндірістік объектілер-ді пайдалануға қабыл-дау жөніндегі комис-сиялардың жұмысына қатысу;<br>- шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқ-сат қағаздарда көрсе-тілген шарттардың орындалуын бақылау және тексеру;<br>- ұйымдарда еңбек заңнамасының сақталу күйін сипаттайтын көр- | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеу-меттік қорғау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сеткіштерді жинақтау, қорытындылау, жүйелеу және талдау жасау;<br>- еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру, көші-\қон мәселелері бойынша ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмысын жүргізу. | | минис-трлігі. |
| 4 | | 007 | Мемле-кеттік қызмет-шілердің білік-тілігін арттыру | Төмендегідей тақырып-тар бойынша біліктілі-гін арттыру жөніндегі қызмет турлерін сатып алу:<br>1. Еңбек және еңбекті қорғау туралы заңна-маның сақталуын мемлекеттік бақылау. Іске асыру мерзімі 1-4 тоқсан.<br>2. Зейнетақымен және жәрдемақымен қамсыз-дандыру. Іске асыру мерзімі 2 тоқсан.<br>3. Міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері. Іске асыру мерзімі 3 тоқсан.<br>4. Қазіргі заманғы миграциялық процестер - Қазақстандағы жағдай. Іске асыру мерзімі 2, 4 тоқсан.<br>5. Медициналық-әлеу-меттік сараптама және мүгедектерді оңалтудың өзекті мәселелері. Іске асыру мерзімі 1-4 тоқсан.<br>6. Мүгедектердің орта-лықтандырылған дерек-тер базасы. Іске асыру мерзімі 2 тоқсан. ТМД елдерінен мұғалімдер шақыру арқылы медициналық-әлеуметтік сараптама мамандарын оқыту. Іске асыру мерзімі 2, 3 тоқсан. Мемлекеттік және | жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ағылшын тілдеріне үйрету. Іске асыру мерзімі 4 тоқсан. | | ғау министрлігі. |
| 4-1 | | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимарат-тарын, үй-жайларын және құрылыстарын күрделі жөндеу | Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Көші-қон комитетінің басқармасы ғимаратының шатырына күрделі жөндеу жүргізу | шілде-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеумет-тік қорғау министрлігі |
| 5 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Министрліктің орталық аппаратының және аумақтық органдарының қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында төмендегідей заттарды сатып алу:<br>1. Ұйымдық техника:<br>- Министрліктің құзырына кіретін мәселелер бойынша семинарлар өткізуге, оқытуға, анықтамалық әдебиет, брошюралар, бейнефильмдер әзірлеуге және көбейтуге арналған.<br>- азаматтардың өтініштерін, ҚР Үкіметінің, Парламентінің, министрліктерінің тапсырмалары мен сауалдарын уақтылы қарауға арналған.<br>- мүдделі органдармен ақпарат алмасуға арналған.<br>2. Еңбек жағдайларын жақсарту үшін жиһаз сатып алу. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 6 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік орган- | Ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету. Есептеу техникасы құралдарына жүйелік-техникалық қызмет көрсету.<br>Шығыс және жинақтауыш материалдар, қосалқы бөлшектер сатып алу. Есептеу және лицензия- | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қор- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дарды ақпарат-тық-тех-никалық қамтама-сыз ету | ланған бағдарламалық өнімдерді сатып алу. | | ғау мини-стрлігі. |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- Қазақстан Республикасының "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы", "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңдарының іске асырылуы;
- ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын анықтаудың жаңа әдістемесін енгізу;
- мүгедектерге және қарт кісілерге әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын енгізу;
- 2007 жылға арналған оралман квотасын қалыптастыруға ұсыныстар жасап шығару;
- еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон мәселелері бойынша видеофильмдер және жарнама роликтер, әдебиеттер, тұсқағаздар, кітапшалар шығару қызметтерін сатып алу.
- еңбек, жұмыспен қамту, еңбекті қорғау салаларында заңдылықтарды сақтауды қадағалау мақсатымен 10500 жоспарлы тексерулер жүргізілді;
- 300 адамның кәсіптік деңгейін жоғарылату;
- 25 адамды мемлекеттік тілге оқыту;
- 25 адамды ағылшын тіліне оқыту.

Орталық және аумақтық органдарында жұмыс орындарын 10% автоматтандыру, 12% жиhазбен жарақтандыру.

Соңғы нәтиже: халықтың әлеуметтік қамсыздандырумен қамтылуын кеңейту, жұмыспен тиімді қамтуды қамтамасыз ету, еңбек жағдайларын және еңбек қауіпсіздігін жақсарту. Жиhазбен жарақтандыруды 100%-ға жеткізу. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілік деңгейін жоғарылату қажеттілігін 35%, мемлекеттік тілді оқытуды 25%, ағылшын тілін оқытуды 8% қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: орталық аппараттың бір маманына кететін шығын жылына 930 мың теңге, аумақтық органдарда 546 мың теңге құрайды. Бір мемлекеттік қызметкердің біліктілігін арттырудың орташа шығыны 12,1 мың теңге.

Бір мемлекеттік қызметкерді мемлекеттік тілге оқытудың орташа шығыны 20 мың

теңге.
Бір мемлекеттік қызметкерді ағылшын тіліне оқытудың орташа шығыны 20 мың теңге.
Уақтылығы: келісім-шарттарға сәйкес жыл ішінде.
Сапа: әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нормативті-құқықтық базасын жетілдіру, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру, әлеуметтік қызметтердің және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мамандарының біліктілік деңгейін жоғарылату және қол жеткізілімділігін арттыру.
Қазіргі заманғы экономикалық жағдайлардағы кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін жоғарылату; мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өткеннен кейін іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізуге көшкен мемлекеттік қызметкерлердің үлесі 15%; ағылшын тілін оқыту курсын өткеннен кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің үлесі 5% ; біліктілігін жоғарылату курстарынан өткеннен кейін жоғары қызметке тағайындалған мемлекеттік қызметкерлердің үлесі 2%.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
130-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Зейнетақы бағдарламасы"
деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 255496364 мың теңге (екі жүз елу бес миллиард төрт жүз тоқсан алты миллион үш жүз алпыс төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 13-бабы ; Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 12, 16-баптары ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 2, 5-баптары .

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.22.* N 1107 *қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылу конституциялық құқықтарын іске асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- зейнетақы төлемдері мен базалық зейнетақы төлемдерін уақытында қамтамасыз ету;
- Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен адамдарға, сондай-ақ олардың мұрагерлеріне зейнетақыға үстемеақы төлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Зейнетақы бағдарламасы | | | |
| 2 | | 100 | Ортақ зейнетақыларды төлеу | Қажеттілікке сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдарға ынтымақты зейнетақылардың ай сайын төлемдерін ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 3 | | 101 | Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылар | Қажеттілікке сәйкес радиациялық қатер өңірлерінде тұрған және Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына ай сайынғы үстемеақы төлемдерін ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 4 | | 102 | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мемле-кеттік базалық зейнетақы төлемдері | Қажеттілікке сәйкес зейнеткерлерге және зейнеткерлік жасқа толған мүгедектерге базалық ай сайынғы зейнетақы төлемдерін ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: ынтымақты зейнетақыларды, Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылармен және зейнеткерлік жасқа толған адамдарға арналған базалық зейнетақы төлемдерін төлеу. Алушылардың орташа жылдық болжамды саны:
- ынтымақты зейнетақы - 1622,6 мың адам;
- Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылар - 5,8 мың адам;
- базалық зейнетақы төлемдерін - 1663,4 мың адам.
Соңғы нәтиже: ынтымақты зейнетақы мөлшерін 8% көбейту және зейнеткерлік жасқа толған адамдардың барлығына 3000 теңге мөлшерінде базалық зейнетақы төлемдерін төлеу.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
- зейнетақының ең төмен мөлшері - 6700 теңге;
- зейнетақының орташа мөлшері - 10075 теңге;
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері - 3000 теңге.
Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25 күнге дейін уақытында төлеу.
Сапа:
- тағайындалған зейнетақылар мен базалық зейнетақы төлемдерін 100% төлеу.
- радиациялық қатер өңірлерінде тұрған және Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына ай сайынғы үстемеақы төлемдерін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық ұсынған қажеттілікке сәйкес 100% төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
131-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 59995554 мың теңге (елу тоғыз миллиард тоғыз жүз тоқсан бес миллион бес жүз елу төрт мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 2-бабы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мүгедектігі, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты, әлеуметтік қамсыздандыруға мұқтаж азаматтарға ақшалай қаражат төлеу.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- мүгедектігі бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін кемінде 1000 теңгеге көбейту;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін асырауындағылардың санына қарай 300 теңгеден 1000 теңгеге дейін көбейту;
- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін ең төмен күнкөріс шамасынан еселеп есептеу;
- жасына байланысты берілетін;
- мүгедектігі бойынша берілетін;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың жаңа мөлшерлерін ескере отырып уақытында төленуін қамтамасыз ету.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекеттік | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әлеу- меттік жәрде- мақылар | | | |
| 2 | | 100 | Мүге- дектігі бойынша | Қажеттілікке сәйкес мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы- ларды ай сайын төлеуді ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи- касының Еңбек және халықты әлеумет- тік қор- ғау мини- стрлігі. |
| 3 | | 101 | Асырау- шысынан айрылуы- на бай- ланысты | Қажеттілікке сәйкес асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы- ларды ай сайын төлеуді ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи- касының Еңбек және халықты әлеумет- тік қор- ғау мини- стрлігі. |
| 4 | | 102 | Жасы бойынша | Қажеттілікке сәйкес жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы- ларды ай сайын төлеуді ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи- касының Еңбек және халықты әлеумет- тік қор- ғау мини- стрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушылардың орташа жылдық болжамды саны:

- мүгедектігі бойынша - 406,5 мың адам;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша - 229,9 мың адам;
- жасына байланысты - 10,8 мың адам.

Соңғы нәтиже: мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды мөлшерін 1000 теңгеге көбейту.

Қаржы-экономикалық нәтиже: мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың орташа мөлшері

- мүгедектігі бойынша - 8259 теңге;

- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша - 7316 теңге;
- жасына байланысты - 4121 теңге.
Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25 күнге дейін уақытында төлеу.
Сапа: мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды 100% төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
132-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 34558542 мың теңге (отыз төрт миллиард бес жүз елу сегіз миллион бес жүз қырық екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңының 2-бабы ; "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : азаматтардың жеке санаттарына қосымша материалдық қолдау көрсету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- азаматтарды 17 санатына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін уақытылы қамтамасыз ету;
- 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап марапатталған көп балалы аналарға және бірге тұратын төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы отбасыларға 3,9 АЕК көлемінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу;
- 2006 жылғы 1 шілдеден бастап арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлеу: ҰОС

мүгедектеріне теңестірілген адамдарға - 7,1 АЕК, ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға - 5,8 АЕК, ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне - 4,2 АЕК; ЧАЭС-тағы апат салдарын жою кезінде қаза болған (қайтыс болған, хабар ошарсыз кеткен) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің және қаза болған адамдардың отбасыларына - 4,3 АЕК; қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне) - 2,4 АЕК; тыл еңбекшілеріне - 2 АЕК; көшіру күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, шеттету және қоныс аудару аймағынан Қазақстан Республикасына көшірілген ЧАЭС-тағы оқиғасында апат салдарын жоюға қатысушыларға - 2 АЕК.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Арнайы мемлекеттік жәр-демақы-лар | | | |
| 2 | | 100 | ҰОС мүге-дектері | Қажеттілікке сәйкес ҰОС мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 3 | | 101 | ҰОС қатысу-шылары | Қажеттілікке сәйкес ҰОС қатысушыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 4 | | 102 | ҰОС мүгедек-теріне теңесті- | Қажеттілікке сәйкес ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | рілген адамдар | төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | | және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 5 | | 103 | ҰОС қатысу-шыларына теңес-тірілген адамдар | Қажеттілікке сәйкес ҰОС қатысушыларына теңестірілген адам-дарға арнаулы мемле-кеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 6 | | 104 | ҰОС қаза болған жауын-герлер-дің же-сірлері | Қажеттілікке сәйкес ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесір-леріне арнаулы мемле-кеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 7 | | 105 | Қайтыс болған ҰОС мүгедек-терінің әйелдері (күйеу-лері) | Қажеттілікке сәйкес қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйел-деріне (күйеулеріне) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 8 | | 106 | Совет Одағының батырла-ры, Соц-иалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орден-дерінің | Қажеттілікке сәйкес Совет Одағының батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәре-желі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденде-рінің иегерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | иегер-лері | | | ғау мини-стрлігі. |
| 9 | | 107 | ЧАЭС оқиғасында апат салдарын жою кезінде қаза болған (қайтыс болған, хабар ошарсыз кеткен), әскери қызмет-керлерінің, ішкі істер органдары қыз-меткер-лерінің және қаза болған адамдар-дың от-басылары | Қажеттілікке сәйкес қаза тапқан (қайтыс (болған, хабарсыз кеткен) әскери қыз-метшілердің, ішкі істер органдары қыз-меткерлерінің ЧАЭС апаттың салдарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 10 | | 108 | Ұлы отан соғысы жылда-рындағы тыл еңбек-шілері | Қажеттілікке сәйкес ҰОС жылдарындағы тыл еңбекшілеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |
| 11 | | 109 | Көшіру күні құрсақта болған балалар-ды қоса алғанда Қазақс-тан Рес-публика-сынан шеттету | Қажеттілікке сәйкес қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларын қоса, оқшаулау және көшіру аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс- танған ЧАЭС апаттың салдарын жоюға қатысушыларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи-касының Еңбек және халықты әлеумет-тік қор- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | және қоныс аудару аймағынан көшірілген ЧАЭС | | | ғау министрлігі. |
| 12 | | 110 | I және II топтағы мүгедек-тер | Қажеттілікке сәйкес I және II топтағы мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 13 | | 111 | III топтағы мүгедектер | Қажеттілікке сәйкес III топ мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 14 | | 112 | 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар | Қажеттілікке сәйкес 16 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 15 | | 113 | "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр-ана" атағын алған және | Қажеттілікке сәйкес "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр-ана" атағын алған және "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қор- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналар | | | ғау министрлігі. |
| 16 | | 114 | Төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар | Қажеттілікке сәйкес кәмелетке толмаған, бірге тұратын төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы отбасыларға арнау- лы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 17 | | 115 | Мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары | Қажеттілікке сәйкес мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 18 | | 116 | Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңіргені үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар | Қажеттілікке сәйкес Қазақтан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбек үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: азаматтардың 17 санатына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төлеу.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алушылардың болжамды орташа жылдық саны - 1213,9 мың адам болады.
Соңғы нәтиже: азаматтардың жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар түрінде қосымша материалдық қолдау көрсету.
Қаржы-экономикалық нәтиже: арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері 6% өсуі. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшері 4817 теңгені құрайды. " Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған және "Ана Даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналарға төленетін және кәмелетке толмаған, бірге тұратын төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы отбасыларға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар көлемі 1845 теңгеден 4017 теңгеге дейін көбейеді. 2006 жылғы 1 шілдеден бастап арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері: ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 5871 теңгеден 7313 теңгеге дейін; ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға 2472 теңгеден 5974 теңгеге дейін; ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне - 2781 теңгеден 4326 теңгеге дейін; ЧАЭС-тағы апат салдарын жою кезінде қаза болған ( қайтыс болған, хабар ошарсыз кеткен) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің және қаза болған адамдардың отбасыларына - 2884 теңгеден 4429 теңгеге дейін; қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне) - 927 теңгеден 2472 теңгеден; тыл еңбекшілеріне - 1030 теңгеден 2060 теңгеге дейін; көшіру күнінде аналарының құрсағында болған балаларды қоса алғанда, иеліктен алу және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына көшірілген ЧАЭС-тағы апат салдарын жоюға қатысушыларға 515 теңгеден 2060 теңгеге дейін ұлғаяды.
Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-не дейін уақтылы төлеу.
Сапа: азаматтардың 17 санатына Заңмен белгіленген мөлшерде тағайындалған арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды 100% төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
133-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Жерлеуге берілетін жәрдемақы" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1718031 мың теңге (бір миллиард жеті жүз он сегіз миллион отыз бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 6-бабы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 8-бабы ; "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 7-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығының 11-бабы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : зейнетақы және жәрдемақы алушыларды жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (тұлғаларға) мемлекеттің қосымша материалдық қолдауы.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды, жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақыларды уақытылы төлеуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Жерлеуге берілетін жәрдемақы | | | |
| 2 | | 100 | Зейнеткерлерді, ҰОС қатысушылары мен мүгедектерін | Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін жерлеуге арналған жәрдемақыларды алушыларды жерлеген отбасыларға (тұлғаларға) арналған жәр- | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қор- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жерлеуге берілетін жәрдемақы | демақыларды уақытылы төлеу. | | ғау министрлігі. |
| 3 | | 101 | Жер астындағы және ашық тау-кен жұмыстарында, ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларындағы жұмыстарда жұмыс істеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар және мемлекеттік арнайы жәрдемақылар алушыларды жерлеуге берілетін жәрдемақы | Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларды, жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларды жерлеген отбасыларға (тұлғаларға) арналған жәрдемақыларды уақытылы төлеу. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: зейнетақы және жәрдемақы алушыларды жерлеуге жұмсалған шығындарды өздері көтерген отбасыларға (тұлғаларға) жерлеуге берілетін жәрдемақыларды төлеу. Болжамды орташа жылдық саны - 100,6 мың адам.

Соңғы нәтиже: жерлеуге берілетін жәрдемақылар мөлшері 6% өсуі. Зейнетақы және жәрдемақы алушыларды жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (тұлғаларға) мемлекеттің материалдық қолдау көрсетуі.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Жерлеуге берілетін жәрдемақылар мөлшері:

- соғыс мүгедектері мен қатысушылары үшін - 36050 теңге;
- зейнетақы және жәрдемақы алушылар үшін - 15450 теңге.

Уақтылығы: кестеге сәйкес әр айдың 25-не дейін уақтылы төлеу.

Сапа: жерлеуге берілетін жәрдемақыларды алуға уақтылы өтініш білдірген,

жәрдемақы алуға құқығы бар тұлғаларды жерлеуге берілетін жәрдемақылармен 100% қамтамасыз ету.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына
134-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Жер астындағы және ашық тау-кен жұмыстарында, еңбектің ерекше зиянды және ерекше ауыр жағдайында жұмыс істеген адамдарға мемлекеттік арнайы жәрдемақылар" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2192331 мың теңге (екі миллиард бір жүз тоқсан екі миллион үш жүз отыз бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Жерасты, ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 2-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : 1998 жылдың 1 қаңтары бойынша жерасты, ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген азаматтарды әлеуметтік қорғау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :
- мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар көлемін 8 АЕК-тен 9 АЕК-ке көбейту;
- мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды уақтылы төлеу және ұйымдастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

